

Әкімдіктің 2010 жылғы 25 наурыздағы № 103 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған 2010 жылдың мемлекеттік білім тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 538 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 29 желтоқсанда № 3745 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011 жылғы 23 маусымдағы № 08-10/1744 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011.06.23 № 08-10/1744 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бар мамандарды даярлауға арналған 2010 жылдың мемлекеттік білім тапсырысын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 25 наурыздағы № 103 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3711, 2010 жылы 27 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:
"3436" деген сандар "3322" деген сандармен ауыстырылсын;
жоғарыда көрсетілген қаулының 2-қосымшасында:
6-тармақ ", 0404023 Балалар музыка мектебінің оқытушысы, оркестр, ансамбль әртісі (басшы) (салалар бойынша)" деген сандармен және сөздермен толықтырылсын;

25-тармақта "100" деген сандар "130" деген сандармен ауыстырылсын;
32-тармақта "165" деген сандар "135" деген сандармен ауыстырылсын;
43-тармақта "1513063" Ветеринарлық техник" деген сандар мен сөздер "1513053 Ветеринарлық фельдшер" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

"1757" деген сандар "1841" деген сандармен ауыстырылсын;
жоғарыда көрсетілген қаулының 3-қосымшасында:
2 - т а р м а қ т а :

"105" деген сандар "135" деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

0104013	Өндірістік оқыту шебері,	ауыл	30	2 жыл
шаруашылығы өндірісінің техник-механигі				10 ай

"

"645" деген сандар "675" деген сандармен ауыстырылсын;
жоғарыда көрсетілген қаулының 4-қосымшасында:
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

2.	1 5 1 3 0 0 0	В е т е р и н а р и я	25	2 жыл
	1513083 Ветеринарлық фельдшер-инспектор			10 ай

"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім тапсырысына енгізілген өзгерістерді тиісті оқу орындарында белгіленген заңнамалық тәртіпте орналастырсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

С. Кулагин

КЕЛІСІЛДІ

*"Қостанай облысы әкімдігінің
білім басқармасы" ММ бастығы*

_____ *С. Бөрібаева*

*"Қостанай облысы әкімдігінің
жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы" ММ бастығы*

_____ *Ш. Жакитова*

*"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" ММ бастығы*

_____ *С. Аймұхамбетова*

*"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау
басқармасы" ММ бастығы*

_____ *М. Щеглова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК